

КЕШЕ ЖЕРЛЕСІМІЗ МҰХИТ ТҰРСЫНОВ «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫН» ЖЕҢІП АЛДЫ



Сүйінші, шығысқазақстандықтар!

Сүйінші, жерлестер!

Кеше Астанадағы «Сарыарқа» кешенінде балуан бауырымыз Мұхит Тұрсынов қазақ күресінен елімізде төртінші рет өткен «Қазақстан Барысы» турнирінің жеңімпазы атанды.

(Жалғасы 2-бетте)

Кеше жерлесіміз МҰХИТ ТҰРСЫНОВ «Қазақстан Барысын» жеңіп алды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Асыл Бәрменов (Қарағанды облысы) пен Мұхит Тұрсынов (Шығыс Қазақстан облысы) арасындағы ақтық белдесуде Мұхиттың мерейі үстем болып, «Қазақстан Барысы» атағына қол жеткізді. Екі балуан да бірін-бірі ала алмай, негізгі уақытты итжығыспен аяқтаған еді. Қосымша минут белгіленген соң қарсыластар қоян-қолтық сайысқа түсті. Осы белдесуде біздің Мұхит өз қарсыласын белбеуінен көтеріп алып, екі-үш аттап барып, алаң сыртына шығарып жіберді.

Мұхит былтыр «Дидар» газетіне берген сұхбатында: «Қазақстан Барысының» екі маусымына қатысып, жүлдесіз қалдым. Ендігі мақсатым – 2014 жылғы сында үздіктер қатарынан көріну» деген болатын. Сол мақсатына балуан бауырымыз кеше жетті. Ол «Қазақстан Барысы» турнирінің екінші айналымында жамбылдық, 140 келі тарта-тын Бейбіт Ыстыбаевты таза жеңді. Одан 45 келі жеңіл болса да, біздің Мұхит әлеуетті екенін тағы бір көрсетті. Сөйтіп, 2012 жылғы «Қазақстан Барысы» атанған Бейбіттің жауырынын жерге тигізді.

Ширек финалда Мұхит маңғыстаулық Мейрамбек Жаңабайды, ал жартылай финалда қызылордалық Руслан Әбдіразақовты сан соқтырды. Финалда қарағандылық Асыл Бәрменовті ұтып алды. Осылайша, Мұхит Тұрсынов «Қазақстан Барысы» атағымен қоса Алтын белбеу мен Тайтұяқтың иегері атанды. Қола жүлдеге қызылордалық Руслан Әбдіразақов, күміс жүлдеге қарағандылық Асыл Бәрменов ие болды.

Естеріңізге сала кетейік, Мұхит осы айдың басында ғана Талдықорғанда өткен турнирде 90 келі салмақ бойынша топ жарған болатын. Бұдан бөлек Тұрсынов – дзюдо мен самбодан спорт шебері. Қазақ күресінен 2011 жылғы Әлем кубогының иегері.

Тұрсыновтар отбасы түгелдей спортпен шұғылданады. Әкесі Шығыс Тұрсынов – қазақ күресінен елімізге танымал жаттықтырушы. Ол кісі – Мұхиттың да жаттықтырушысы.



Турнирдің қорытындысы бойынша 2014 жылғы «Қазақстан Барысы» Мұхит Тұрсынов 150 мың АҚШ долларын қанжығасына байласа, оның бапкеріне 20 мың АҚШ доллары табысталды. Ал екінші орын алған Асыл Бәрменов 30 мың доллар көлемінде сыйлық алса, Асылдың бапкері 10 мың доллармен марапатталды.

Қола жүлде үшін өткен кездесуде Руслан Әбдіразақов (Қызылорда облысы)

пен Дәулетхан Жақыпов (Жамбыл облысы) белдесіп, тартысты кездесудің негізгі уақытында «таза жеңісті» еншісіне жазған Руслан Әбдіразақов қола белбеуді беліне тақты. Одан бөлек, «Сыр барысы» 10 000 долларлық чекке ие болса, бапкері де құралақан қалған жоқ. Оған 3000 доллар сыйақы берілді.

Ал ұйымдастырушылар тағайындаған арнайы «Жеңіске деген жігері үшін» атты

сыйлық Дәулетхан Жақыповқа бұйырып, Hyundai Elantra көлігіне ие болды.

Айта кетейік, былтырғы «Қазақстан Барысы-2013» турнирінің жеңімпазы, жерлесіміз Айбек Нұғымаров 1/8 финалдық белдесуде ешкім күтпеген жерден Қызылорда облысының балуаны Руслан Әбдіразақовқа есе жіберіп алды.

Шығыс-Ақпарат